



201__ жылғы _____
года _____

Астана, Үкімет Үйі

«____» _____ 201__

№ _____

№ _____

№ _____ данасы

экз. № _____

№ исх: 11-9/2220 дз от: 09.10.2018

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына
(тізім бойынша)**

19.09.2018 ж. шығ. № ДЗ-151

Құрметті депутаттар!

Сіздердің Кіші Алматы өзеніндегі Мыңжылқы шатқалында сел тоқтату бөгеттерін реконструкциялауға қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлаймын.

1973 жылы Кіші Алматы өзенінің жоғарғы жағында, Медеу бөгетінен жоғары сел ағынын ұстап тұру үшін сел қоймасының жобалық сыйымдылығы 220 мың м³ «Мыңжылқы» бөгеті салынды, ол Ішкі істер министрлігі Төтенше жағдайлар комитеті «Қазселденқорғау» ММ (бұдан әрі – «Қазселденқорғау» ММ) теңгерімінде тұр.

Мемлекет басшысының өңірлерді әлеуметтік-экономикалық дамыту және даму бағдарламаларын іске асыру туралы кеңесте берген 2017 жылғы 18 тамыздағы № 17-01-7.5 тапсырмасын орындау үшін қазіргі уақытта Кіші Алматы өзені бассейніндегі «Мыңжылқы» бөгетін реконструкциялау бойынша жұмыстар кешені жүргізілуде.

Қолданыстағы Мыңжылқы бөгетін реконструкциялаудың негізгі мақсаты қауіпті геологиялық процестерден қала аумағын және халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, төтенше жағдайға жол бермеу және залалды барынша азайту, «Шымбұлақ» биік таудағы туристік кешенін және Медеу бөгетінен жоғары салынған құрылыстарды сенімді қорғау болып табылады.

«Кіші Алматы өзені бассейніндегі Мыңжылқы бөгетін реконструкциялау» жобасын іске асыруға республикалық бюджеттен 503 702 мың теңге, жергілікті бюджеттен 57 874 мың теңге бөлінді. Жобаны іске асыру 2018 жылы аяқталады деп жоспарланған.

Аталған (қазіргі қолданыстағы) бөгеттің негізгі құрылыс жайлары құрамына мыналар кіреді:

- жер бөгеті (грунт материалдарынан жасалған бөгет);

- су қабылдағыш еңіс арықтары бар, бірін-бірі қайталайтын құбырлы екі су тастағыш;

- төменгі бьефте су қағатын құдығы бар бөгеттің қыры мен төменгі беткейімен апаттық, сақтандырғыш су ағызғыш.

35 жыл пайдаланылған бөгеттің сел қоймасы үйінділермен және сел шығарындыларымен ішінара толған.

Жобаны іске асыру 500 мың м³-ге дейінгі мөлшерде сел массасын қабылдау үшін бөгет қуатын көбейтуді қажет етеді, сондықтан сел қоймасының сыйымдылығын арттыру және құрылыстарды реконструкциялау, кеңейту, ұлғайту қажет.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметіне сәйкес қазіргі уақытта бөгеттің корпусында реконструкция жұмыстары жүргізілуде, олар экологиялық заңнаманы бұзбайды және жерді бір санаттан екіншісіне ауыстыруды талап етпейді.

Бөгет жоғарғы бьеф жаққа қарай өсіп келеді (қолданыстағы бөгет қырынан 5 м биіктікке көтерілуде). Бұл ретте қолданыстағы бөгеттің қыры мен жоғарғы тура беткейі бөгеттің жаңа бөлігінің негізі ретінде қызмет етеді.

Жаңадан үйілген бөгеттің жоғарғы беткейі негізіндегі табиғи грунтты алдыңғы сел шөгінділері құрайды.

Бөгет сел қоймасы шұңқырында бөгеттің жоғарғы беткейінің тікелей алдында орналасқан карьердің қойтасты-жұмыртасты грунтпен жабылады. «Мыңжылқы» бөгетін реконструкциялау табиғатты қорғау заңнамасының нормаларын сақтай отырып, іргелес аумақ толық зерттеліп-қаралғаннан кейін жүргізіледі.

Көрсетілген жұмыстар «Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи парк» РММ өкілдерінің бақылауымен жүргізілуде.

Сонымен қатар, бөгетті күшейту мақсатында бөгетке іргелес аумаққа қосымша жұмыстар жүргізу қажет. Ол үшін «Қазселденқорғау» ММ өкілдерінің кедергісіз кіріп-шығуы мүмкіндігімен ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы 17,7802 га аумақтағы учаскені босалқы жерге ауыстыру қажет.

Көрсетілген жерлерді ауыстыру үшін Алматы қаласы әкімдігі «Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі жерлерін сел қоймасы бөгетін салу үшін босалқы жерлерге ауыстыру жөніндегі техникалық-экономикалық негіздеме» жобасын әзірлеп, мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысын алды.

Ауыл шаруашылығы министрлігі өз кезегінде «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлерін босалқы жерлерге ауыстыру туралы» Үкімет қаулысының жобасын әзірледі, қазіргі уақытта жоба мүдделі мемлекеттік органдарда келісу рәсімін өтуде.

Б. Сағынтаев



201__ жылғы _____
года _____

Астана, Үкімет Үйі

«___» _____ 201__

№ _____

№ _____

№ _____ данасы

экз. № _____

№ исх: 11-9/2220 дз от: 09.10.2018

**Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан
(по списку)**

На ДЗ – 151 от 19.09.2018 г

Уважаемые депутаты!

Рассмотрев Ваш депутатский запрос касательно реконструкции селезащитной плотины в урочище Мынжилки на реке Малая Алматинка, сообщая следующее.

В верховьях реки Малая Алматинка, выше плотины Медеу, для задержания селевого потока в 1973 году построена плотина «Мынжилки» с проектной емкостью селехранилища 220 тысяч м³, которая числится на балансе ГУ «Казселезащита» Комитета по чрезвычайным ситуациям Министерства внутренних дел (далее - ГУ «Казселезащита»).

Во исполнение поручения Главы государства данного на совещании о социально-экономическом развитии регионов и реализации программ развития от 18 августа 2017 года № 17-01-7.5, в настоящее время проводится комплекс работ для реконструкции плотины «Мынжилки» в бассейне реки Малая Алматинка.

Основной целью реконструкции существующей плотины «Мынжилки» является обеспечение безопасности населения и территории города от опасных геологических процессов, недопущение чрезвычайных ситуаций, минимизация ущерба, надежная защита высокогорного туристического комплекса «Шымбулак» и строений возведенных выше плотины Медеу.

Для реализации проекта «Реконструкция плотины Мынжилки в бассейне реки Кіші Алматы» из республиканского бюджета выделены средства на сумму 503 702 тыс. тенге, из местного бюджета – 57 874 тыс. тенге, завершение которого запланировано в 2018 году.

В состав основных сооружений (ныне существующей) плотины, вошли:

- земляная плотина (плотина из грунтовых материалов);
- два дублирующих друг друга трубчатых водовыпуска с наклонными лотками-водоприёмниками;

- аварийный, страховочный водосброс в гребне и по низовому откосу плотины с водобойным колодцем в нижнем бьефе.

За 35 лет эксплуатации селехранилище плотины частично заполнилось наносами и селевыми выбросами.

Реализация проекта требует увеличения мощности плотины для приема селевой массы объемом до 500 тысяч м³, для чего необходимо выполнить реконструкцию, расширение, наращивание сооружения и увеличение емкости селехранилища.

По информации Министерства сельского хозяйства, в настоящее время работы по реконструкции ведутся на самом теле плотины, которые не нарушают природоохранное законодательство и не требуют перевода земель из одной категории в другую.

Плотина наращивается (с увеличением высоты над гребнем существующей плотины на 5 м) в сторону верхнего бьефа. При этом, основанием новой части плотины служат гребень и верховой откос существующей плотины.

Естественные грунты в основании верхового откоса вновь отсыпаемой плотины представлены предыдущими селевыми отложениями.

Тело плотины отсыпается из валунно-галечниковых грунтов из карьера, расположенного непосредственно перед верховым откосом плотины в чаше селехранилища. Реконструкция плотины «Мынжилки» проводится после полного обследования прилегающей территории с соблюдением норм природоохранного законодательства.

Указанные работы проводятся под контролем представителей РГУ «Иле-Алатауский государственный национальный природный парк».

Вместе с тем, в целях усиления плотины необходимо проведение дополнительных работ на прилегающей к плотине территории, для чего требуется перевести земли особо охраняемой природной территории в земли запаса площадью 17,7802 га с возможностью беспрепятственного доступа представителей ГУ «Казселезащита».

Для перевода указанных земель акиматом г.Аламаты разработан проект «Технико-экономическое обоснование перевода земель Иле-Алатауского государственного национального природного парка в земли запаса для строительства селезащитных плотин», на которое получено положительное заключение государственной экологической экспертизы.

В свою очередь, Министерством сельского хозяйства разработан проект постановления Правительства «О переводе земель особо охраняемых природных территорий в земли запаса», который в настоящее время проходит процедуру согласования с уполномоченными государственными органами.

Б. Сагинтаев